

**ЖШС «Нұр-Тілек» бобекжай бакшасы**

**Тақырыбы:«Өнерлі қыз, онегелі ана» сайыс  
Айғолек ересек тобы**

**Тәрбиешілер:Қокашева Г.Қ  
Амангожина А.А**

**2023-2024 жыл**

Такырыбы: «Өнерлі қыз, өнегелі ана»

Мақсаты: Балалардың ой - өрісін, тіл байлығын, ойлау кабілеттерін дамыту.

Балаларды анаға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке, сый күрметке тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:**

Қайырлы күн халайық, өнер сүйген,  
Көрермендер көнілге көп ой түйген.  
Құттықтаймыз арулар, аналарды,  
Сый тартайық әсем ән, тәтті күймен.  
Жыр арнайық оларға жігері ассын,  
Гүл арнайық көңілі шалқып тассын.  
Сыр арнайық жүректі жарып

шыққан,

Нұр арнайық қуатын беріп жастың.

**Тәрбиеші:** Құрметті ұстаздар, аналар, қыз – келіншектер және көрермендер!

Сіздерді келе жатқан 8 – наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің отбастарыныңға амандық, дендеріңізге саулық, бастарыныңға бақыт тілейміз.

Бүгін мерекеге орай балабакшамызда өткізілгелі отырған қыз балалар мен олардың аналарына арналған «Өнерлі қыз, өнегелі Ана» атты сайысқа қош келдініздер. Бұл сайыста қыздар мен аналар өз өнері, білімі, тапқырлығы және шеберліктерін көрсетіп сынға түскелі отыр.

**Тәрбиеші:** Ендеше сайысмызыңға қатысуши сайыскерлерді ортаға шакырайық.

1. «1» отбасы Майа қызымыз бен оның анасы Камшат ханым

2. «2» отбасы Кәусар қызымыз бен оның анасы

3. «3» отбасы Медина қызымыз бен оның женгесі Қарагөз ханымды

2 - жүргізуши - Алдымен сайыскер ару, аналарымыздың ішінен білімі мен білігі, бағы мен бабы қатар жанған жандарды дәл анықтап беретін әділ - қазы алқасымен таныстырып алайық:

**Тәрбиеші:** Енді көрермендерге сайыстың шарттарымен таныстырып өтейік. Сайыс 5 бөлімнен тұрады.

1. «Сәлем – сөздің атасы» яғни өз - өзін таныстыру.

Өнер сайысы.(ата - аналар өз өнерлерін көрсетеді)

Дәм думан» бұл тағамдар сайысы. (ата - аналарға үй тапсырмасы сайысы).

«Ойлан тап» (аналар сұрақтар таңдалап алады)

Сән сайысы яғни көктемгі шаш сән үлгісі.

**Гәрбиеші:** - Бала, бала, бала деп,  
Түнде шошып оянган.  
Түн үйкисын төрт бөліп,  
Түнде бесік таянған.

**Тәрбиеші:** «Сәлем – сөздің атасы» - деп басталатын бірінші кезеңізді бастаймыз.  
Эр топ бір ерекшеліктерін көрсете отырып тақпақ ретінде ма, кымыл ретінде ма  
таныстырып отеді.( танысу)

**Тәрбиеші:** Тамаша, әділқазылар бағаларын қойып шыққанша, «Айгөлек» ересек  
тобының балалары сіздерге би билегелі отыр, бірге тамашалайық.

Би: «Парижге саяхат» (Асылым, АйзереA, АйзереM, Айсана, Асылжан, Амина)

**Тәрбиеші:** Тамаша, рахмет балалар, осындай әдемі би билеп берген  
балапандарымызға қошемет көрсетейік. Енді әділқазылар бағасы дайын болса,  
назар аударайық.

**Тәрбиеші:** Сайысмыздың 2 – кезеңі Өнер сайысы.(ата - аналар өз өнерлерін  
көрсетеді).

**Тәрбиеші:** Екінші сайыстың ұпайларын санағанша  
«Айгөлек» тобының ұл балдары аналарымызға әжелерімізге  
арнаған өз құттықтауларын білдірмекші.

**Тәрбиеші.** Дәм думан» бұл тағамдар сайысы. (ата - аналарға үй тапсырмасы  
сайысы).

**Тәрбиеші:** Ендеше әділ қазылар алқасы дайын болғанша тағы бір керемет биге  
назар аударайық.

Би: «Папури» топтың ер балалары.

**Тәрбиеші.** Тамаша әділқазыларымыздың Дәм думан сайысы бойынша бағасына  
назараударайық.

**Тәрбиеші:** «Ойлан тап» (аналар сұрақтар таңдал алады). Сайыскерлер дайын  
болғанша балаларымыздың «бейнеролигін» қабыл алыныздар.

**Тәрбиеші:** Сайысмыздың соңғы бөліміне келіп жеттік, «Сән» шаш үлгілерін  
көрсету сайысы. Ендеше қошеметпен оргамызға шаш өру үлгісін көрсетуге  
Аналарымыз бен кішкене ханшайымдарымызды шақырайық.

**Тәрбиеші.** Эділ қазыларымыз ұпай сандарын шығарғанша  
«Айгөлек» тобының балаларының аналар мерекесіне арнап, қолдан жасаған  
колөнер шын жүректен қабыл алыныздар.

**Тәрбиеші:** Құшагыңа кіргенде,

Жылynamын бір дем де.

Не жетеді көзіңе,

Мейірімді күннен де.

Үн катасың бал тілмен,

Еркелеймін әр күн мен.

Дүттықтаймын анашым,  
Сегізінші наурызбен!!!

Нұрын төккен маган,  
Шуағымсың - сен!

Айналайын, мама,  
Куанышыңмен!

Шаттандырған мені,  
Жұбанышым – сен!

Құттықтаймын сені,  
Мерекенізбен!

2. Аялаган мені,  
Ән қанатымен!

Құттықтаймын сені,  
Салтанатыңмен!

Бақытты ғой заман,  
Қандай көнілді!

Мен тілеймін саған

**Тәрбиеші:** Жарыс заңы ежелден –

Женімпазды анықтау

Женімпаз болу шарты сол

- Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады

Женілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады - дегендей сайыстың аты сайыс, мұнда біреу женеді, енді біреу женіледі. Женімпаздарымызды анықтау үшін сөз қазылар алқасына беріледі.

**Тәрбиеші:** Атадан қалған асыл сөзге, ақыл кенине құлак тұрсек. Ертеде бір жігіттен үйдің алтын қазығы кім деп сұрапты қарт. Жігіт: Ата, үйдегі алтын қазық бала, — депті жігіт. Ата: Жоқ балам, үйдегі алтын қазық — ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі үлға үлгі, — депті қарт. Осы карттарымыздың қалдырып кеткен өнегелі де үлгілі сөздерімен осы ертенгілігімізді аяқтаймыз. - Міне, құрметті абзал жанды әжелер, аналар, кішкене ханшайымдар мерекелерініз құтты болсын! Осыменен сіздерге арналған ертенгілігіміз аяқталды. Сау - саламатта болыңыздар!

Ән жырдан көнілдерді куантындар,  
Барымен шат - шадыман болыңыздар.  
Қоштасайық, келесі кездескенше,  
Әрдайым сау - саламат болыңыздар!

сымен бүгінгі мерекеге орай өткізіліп отырған сайысымыз аяқталды. Келесі кездескенше! Тағы да 8 наурыз әйелдер күні мерекелеріңіз құтты болсын!

